

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



«092-Тынығу» Білім беру бағдарламалар тобы бойынша  
Республикалық пәндік олимпиаданың  
ЕРЕЖЕСІ

Шымкент 2025 ж

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары Білім министрлігі**  
**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің**  
**«092-Тынығу» Білім беру бағдарламалар тобы**  
**бойынша ұйымдастырылатын**  
**«ӨНЕРПАЗ БОЛСАҢ, АРҚАЛАН»**  
**атты XVII Республикалық пәндік олимпиадасының**  
**ЕРЕЖЕСІ**

Олимпиада Республикалық студенттік олимпиада көлемінде мәдениет және білім беру саласында болашақ мамандардың ерекше кәсіби-ұйымдастырушылық бейімділіктерін анықтау мақсатында өткізіліп әрі талантты студент жастарды қолдау факторының бірі ретінде, бұдан бөлек 092-Тынығу білім беру бағдарламалар тобы бойынша Республикалық және Халықаралық олимпиадаларға қатысу үшін командаларды қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылады.

### **1. Жалпы Ереже**

В092-Тынығу білім беру бағдарламалар тобы бойынша республика көлемінде жоғары оқу орындары арасындағы дәстүрлі пәндік олимпиадасы 2025 жылдың сәуір айының 15-16 күндері аралығында өтеді.

Республикалық пәндік олимпиада студенттердің кәсіби шеберлігін шыңдауда, талантты жастарды анықтауда және олардың шығармашылық әлеуетін арттыруда, жоғары оқу орындарының 092-Тынығу білім беру тобында білім алушылардың білімі мен шеберлігін шығармашылық үрдісте дамытып, болашақ мамандардың құзырлығын байқау болып табылады.

### **2. Олимпиада міндеттері**

- Студенттердің оқу-танымдық және оқу зерттеушілік қызметін көтермелеу;
- Студенттердің кәсіби-тұлғалық күш-қуатын, олардың өзіндік таным-білімін, шығармашылық бейімділіктерін ашу, өзін-өзі іске асыру және сенімділігін молайтуға жағдай жасау;
- Студенттерді азаматтық көзқарасқа тәрбиелеу;
- Білім беру жүйесін жетілдіруге белсенді кәсіби қатынасын қалыптастыру;
- Конкурсанттардың кәсіби қарым-қатынасын қалыптастыру;
- В092-Тынығу білім беру бағдарламалар тобының студенттерінің қызығушылығын арттыру, қатысушылардың шығармашылық және белсенді көзқарасын дамытуға жағдай жасау;
- Студенттердің шығармашылық талантын анықтау.

### **3. В092-Тынығу білім беру бағдарламалар тобы бойынша республикалық пәндік олимпиаданы өткізу тәртібі:**

Ұйымдастырушы тарапынан: техникалық аппаратура, жарық және басқа да құрал - жабдықтармен қамтамасыз етеді;

В092 - Тынығу білім беру бағдарламалар тобы бойынша республикалық студенттік олимпиаданы ұйымдастырушылар ҚР білім беру бағдарламасын басшылыққа алып, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Мәдениет және өнер факультеті, «Мәдени-тынығу және сахналық қызмет» кафедрасы өткізеді. Республикалық пәндік олимпиадаға барлық курс студенттері қатыса алады. Әр ЖОО-нан пәндік олимпиадаға қатысу үшін әр топта кемінде 7 қатысушы, жалпы қатысушылар саны 15 студенттен аспауы тиіс.

В092 -Тынығу білім беру бағдарламалар тобы бойынша пәндік олимпиада студенттердің терең теориялық білімін ашуға, кәсіби шеберліктері мен ұйымдастырушылық қабілетін қолдануға бағдарланған, әрі мәдени-тынығу мекемелері жүйесінде ұйымдастыру мен басқарудың заманауи әдістерін қолдануда болашақ мамандардың даярлық деңгейін анықтайды.

Пәндік олимпиада екі кезеңнен өтеді.

#### **I-кезең:**

В092 – Тынығу білім беру бағдарламалар тобы бойынша олимпиадаға қатысушылар «Өнерпаз болсаң, арқалан» тақырыбындағы ойынға топпен қатысады. Ойын ережесін ұйымдастырушы тарап бекітеді. Ол үшін әр командаға мәдени-тынығу қызметін басқару және ұйымдастыру бойынша ситуациялық кейстер әзірленеді. Кейстердің мазмұнымен командалар ойын алаңында танысады.

#### **Мәдени-тынығу қызметін басқару және ұйымдастыру бойынша іскерлік ойынды бағалау критерийі:**

Қатысушылардың I-кезеңдегі жұмысы 50 балмен бағаланады.

10-25 бал- ұсынылған тосын жағдайда қатысушылар ойын барысында қалыптасатын дағдыларды, ойлау процестерін (стратегиялық, тактикалық, аналитикалық ойлау), ұсынылған жағдайды болжау және дұрыс шешім қабылдау, коммуникативтік дағдылары толыққанды көрсете алмайды.

25-40 бал- ұсынылған тосын жағдайда қатысушылар ойын барысында қалыптасатын дағдыларды, ойлау процестерін (стратегиялық, тактикалық, аналитикалық ойлау), қолдана алады, бірақ ұсынылған жағдайды болжау және дұрыс шешім қабылдау, коммуникативтік дағдылары толыққанды көрсете алмайды.

40-50 бал- ұсынылған тосын жағдайда қатысушылар ойын барысында қалыптасатын дағдыларды, ойлау процестерін (стратегиялық, тактикалық, аналитикалық ойлау), қолдана алады, ұсынылған жағдайды болжау және дұрыс шешім қабылдау, коммуникативтік дағдылары толыққанды көрсетеді

#### **II кезең:**

В092-тынығу білім беру бағдарламалар тобы бойынша «Өнерпаз болсаң, арқалан» тақырыбында топтық шығармашылық жұмыс көрсетеді. Шығармашылық жұмысты сахналандыруда студенттер оқу барысында меңгерген «Режиссура», «Сахна тілі» «Вокал», «Хореография» т.б пәндер бойынша алған білімдері мен дағдыларын жан-жақты көрсетеді.

Қатысушы әр команда олимпиадаға алдын-ала даярлаған шығармашылық жұмыстарын ұсынады. Шығармашылық жұмыс түрі: әдеби-музыкалық композиция, көркем-сахналық қойылымдар болуы мүмкін. Әр шығармашылық жұмысқа берілетін уақыт: 20-30 минут.

#### **Шығармашылық жұмыстарды бағалау критерийі:**

Қатысушылардың топтық шығармашылық жұмыстары ІІ кезеңде де 50 балмен бағаланады.

10-25 бал- егер топтың шығармашылық жұмысының тақырып мазмұны ашылып, бірақ ойы мен көркемдік мазмұны толық ашылмаған жағдайда;

25-40 бал-егер қатысушы топтың тақырыбының көркемдік мәні толық ашылып, бірақ қойылымның композициялық және режиссерлік шешімі толық орындалмаған жағдайда;

40-50 бал-Шығармашылық жұмыстың жоғары сапалы орындаулы, көркемдік сюжеттік мәні жоғары, режиссерлік шешімі мен сахналық мәдениеті жоғары болған жағдайда.

#### **4. B092-Тынығу білім беру бағдарламалары бойынша республикалық пәндік олимпиаданың қазылар алқасы құрамы:**

B092-Тынығу білім беру бағдарламалар тобы бойынша өткізілетін республикалық пәндік олимпиаданың қазылар алқасының құрамы: ғылыми атағы, дәрежесі бар ПОҚ мен Мәдениет қайраткерлері және кәсіби мамандардан құрылады.

Қазылар алқасы құрамының шешімімен жеңімпаздар анықталады.

Екі немесе бірнеше команда теңескен жағдайда қазылар алқасының төрағасы 2 (екі) дауыс беруге құқылы.

#### **5. B092-Тынығу білім беру бағдарламалар тобы бойынша республикалық пәндік олимпиаданың шығармашылық жұмыстарының қорытындылау тәртібі:**

1 орын-1

2 орын-2

3 орын-3

#### **6. Пәндік олимпиаданың ұйымдастыру комитеті**

B092-Тынығу білім беру бағдарламалар тобы бойынша пәндік олимпиаданы өткізу мен даярлау процесінде ұйымдастыру-әдістемелік және көркем шығармашылық мәселелерді шешу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитеті олимпиада өткізу мерзімінен формасын, тапсырмаларды бағалау ережесімен шартын өңдейді, өңдеген шарттарға сай тапсырмаларды бағалау ережесін тексеруге жауаптыларды тағайындайды, әрі қатысушылар берген апелляцияны қарайды.

**Уақыты мен өткізілетін жері:**


Пәндік олимпиада М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде (Шымкент қаласы) 2025 жылдың сәуірдің 15-16 күндері аралығында өтеді. Пәндік олимпиадаға қатысушылардың өтініштері 2025 жылдың сәуір айының 4-не дейін қабылданады.

**Қатысушылардың жол қаражаты, жатын орны, тамақтауы:**

Қатысушылардың жолқаражаты, жатын орны, жіберуші ЖОО-ы тарапынан қаржыландырылуы тиіс

Жауапты: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Мәдени-тынығу және сахналық қызмет» кафедрасы

«Мәдениет және өнер» факультетінің деканы:



Тәңірбергенов М. Ж.

«Мәдени-тынығу және сахналық қызмет»  
кафедрасының меңгерушісі м.а:



Туреханов.Қ. Е

«Мәдени-тынығу және сахналық қызмет»  
кафедрасының СҒЗЖ жауапты:



Серікбаева Қ. Қ

Қосымша сұрақтар бойынша:

[teatr319@mail.ru](mailto:teatr319@mail.ru)

+7 702 855 8827 Ерлан